


A large red oval with a thin blue border, centered on a white background. Inside the oval, the text is written in white, bold, uppercase letters.

**ҚАРЫМ-  
ҚАТЫНАСТЫҢ  
ӘРЕКЕТТЕСТІК  
ЖАҒЫ**



Адамдар қарым-қатынасқа бір-бірінен белгілі бір нәрсені сұрау, өтіну, түсіндіру, баяндау, қалаған жауабын алу, бұйрық беру, қандай-да бір тапсырманы орындату немесе белгілі-бір нәрсені түсіндіру, жай ғана хабарлау және т.с.с. басқа да мақсаттарға жету үшін түседі. Сонымен қатар, адамдар өзара қарым-қатынас жасау барысында, бір-бірінен қандай-да бір нәрсені үйрену, үйрету, үлгі алу, тіпті қарым-қатынастан қанағаттану үшін де байланыс орнататыны белгілі. Қарым-қатынастың мақсаты адамдардың бірлескен іс-әрекетке түсу қажеттілігінен туындайды.

**Жалпы жеке тұлғаның эмоциясы мен сезімдік көріністерін екі түрге бөліп қарастыруға болады: конъюнктивті және дизъюнктивті сезімдер.**

**Конъюнктивті сезімдер адамдар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға көмектесетін, жақындастыратын, біріктіретін және ортақ іс-әрекетке итермелейтін сезімдер болып табылады.**

**Дизъюнктивті сезімдерге ортақ іс-әрекетті тежейтін, адамдардың бір-бірінен алыстауына себепші болатын сезімдер жатады.**

## Әлеуметтік бақылау және әлеуметтік норма

**Адамдардың бірлескен әрекеті мен қарым-қатынастары, қашанда әлеуметтік тұрғыдан бақылауда болады, ал әлеуметтік бақылау өз кезегінде адамдардың өзара қарым-қатынасын реттейтін қоғамда қалыптасқан мінез-құлық үлгілерінің негізінде, яғни әлеуметтік норма негізінде жүзеге асады.**

Әрбір қоғам әлеуметтік норма ретінде өзі қабылдаған, мақұлдаған және жағдайға байланысты адамдардан күтілетін түрлі мінез-құлықтың арнаулы жүйесін қалыптастырады. Қоғам қабылдаған мұндай мінез-құлық ережелеріне бағынбау, оларды бұзу, нормадан ауытқыған мінез-құлықты түзететін әлеуметтік **бақылау** механизмдерін туғызады (кінәлау, сынға алу, мақұлдамау, сөгу, жазалау). Қоғамда қалыптасқан нормалардың бар екенін, басқалардан ерекшеленетін қандай-да бір мінез-құлыққа айналадағылардың барлығының бірдей реакция беруі дәлел бола алады. Әлеуметтік норманың диапазоны ерекше кең – **еңбек ету тәртібіне** сай келетін мінез-құлық үлгілерінен бастап, **әскери борышты** өтеу мен патриотизм, әдептілік, ізеттілік, ережелері. Әлеуметтік нормаға сай мінез-құлыққа құрылысшының өз жұмысын барынша беріліп орындауы да, бірінші сынып оқушысының мұғалім сыныпқа кіргендегі орны-нан тұруы да жатады.

Адамдардың әлеуметтік норманы қабылдауы, олардың өз мінез-құлқын реттеп, өз іс-әрекеттеріне сынмен қарап, қажет болғанда түзетіп отыруға деген жауапкершілігін туындатады. Яғни, осындай қоғамдық мінез-құлық ережелері арқылы адамдар өз іс-әрекеттерін, әлеуметтік эталонмен салыстырып, дұрыс немесе бұрыстығын іштей ар-ұят таразысына салып отырады. Осы арқылы, әлеуметке жағымды, керекті қылықтарды таңдап алып, керексізін алып тастап, басқа адамдармен қатынасын бағыттап, реттеп, түзетіп отыруға мүмкіндік алады. Қабылданған нормаларды адамдар әдептілік критерийі ретінде ұстанып, олардың көмегімен өзінің және өзгенің мінез-құлқын реттеп отырады.

# Рөлдер және қарым-қатынас барысындағы рөлдік күтулер

Әлеуметтік бақылау өзара әрекеттесу барысында қарым-қатынасқа түсетін адамдар «орындайтын» рөлдердің репертуарына сай жүзеге асады. Психологияда «рөл» деп қандайда бір әлеуметтік ұстанымда тұрған кез-келген адамнан, оның айналасындағылар күтетін норма бойынша мақұлданған мінез-құлық үлгісін айтады (қызметіне, жас ерекшелігіне, жынысына қарай немесе т.б.).







Әдетте, бір адам әртүрлі қарым-қатынас жағдайларында әр-түрлі рөл орындайды. Мәселен, қызметтік рөлі басшы бола тұра, ауырып қалғанда ол дәрігердің барлық емдік нұсқауларын орын-дайтын науқас рөлінде болады; ал өзінің қарт анасының қасында ол үлгілі бала рөлін; достарын күткенде қонақжай қожайын рөлін орындайды және т.б. Бір ғана адамның басында бірнеше рөлдік позициялардың болуы, көбінесе олардың қақтығысына – **рөлдік дау-дамайға** алып келеді. Өз ұлының мінез-құлқындағы кейбір кемші-ліктерді педагог ретінде байқап, талапты күшейту керектігін біле тұра, әке ретінде баласына жанашырлық, әлсіздік танытып, теріс қылықтарына көз жұма қарауы да мүмкін. Тәртіпсіз оқушының үйіне келгенде, педагог қонақ ретінде қожайындарды жағымсыз хабармен ренжітпеуі де керек сияқты, дегенмен, ұстаз ретінде ол жағымсыз болса да мұндай мәдіметті жеткізуге міндетті

Әртүрлі рөл ойнайтын адамдардың өзара қарым-қатынасы рөлдік күту нормаларымен реттеліп отырады. Адам қаласа да, қаламаса да басқалар одан белгілі үлгідегі мінез-құлықты күтеді. Адамдардың мінез-құлықты әлеуметтік бақылау жүргізіліп, қоғам жағынан баға беріледі немесе қандай да бір қалыптыдан ауытқыған мінез-құлық мақұлданды. Мысалы, ата-аналар балаларының еркелігіне мейіріммен қарауы керек, бұл рөлдік күтуге сай келеді және әлеумет оны құптайды. Бірақ, ата-ананың мейірімі шектен шығып кетсе, адамдар оны байқап, айыптап та жатады. **«Баласын бетімен жіберіп, басына отырғызып алыпты»**, - деп аналық мейірімнің жоғары рөлдік күту деңгейін анықтап береді. Ата-аналар балаларына қатал талап қойып отыруы керек, бұл да рөлдік күтуге жатады, ал қоғамдық пікір оның төменгі шекарасын белгілеп береді. **«Анасының көзінше аузын аша алмайды, баласын әбден ынжық қылып жіберіпті»**, - деп сыртынан баға беріп отырады. Осылайша, ананың рөлін ойнаудың әлеумет қабылдайтын шекарасы белгіленеді, бұл отбасының ересек мүшелерінің бәріне де қатысты.

Сонымен, қарым-қатынас процесінің тиімділік шарты өзара әрекеттесуші адамдардың мінез-құлқының бір-бірінен күтетініне сәйкестігі болып табылады.

Әрбір адам қарым-қатынасқа түскенде өзімен қатынас жасау-шы адамдардың мінез-құлығы мен сөзі арқылы нақты жағдайларды күтеді. **Адамның басқалар өзінен не естігісі немесе көргісі келетінін қалтқысыз таба білу қабілетін, әдептілік деп атайды.**

Бұдан, әдепті адам барлық уақытта және барлық жағдайда өзінен қоршаған ортасы күтетін, тосатын шекаралық міндеттеме-лерге, міндетті түрде сәйкес болуы керек деген қате пікір тумауы қажет. Егер, қоршаған ортаның адамнан күтетіндері, оның принциптері мен ұстанымдарына мүлдем қарама-қайшы келетін болса, мұндайда ол басқалардың одан күтетініндей әдепті іс - әрекет жасауға, әрине міндетті емес. Яғни, адам өз қалауы мен ниеті бойынша әрекет етуге құқылы.

Дегенмен, күнделікті өмірде қоршаған орта күтетін іс-әрекет пен талаптарға сәйкес емес, қарама-қайшы мінез-құлық көрсету, әдепсіздік деп саналады. Әдепсіздік, бұл - қарым-қатынас принциптерін бұзатын, кейде қайшылықтар мен дау-дамай туғызатын деструкциялы жүріс-тұрыс болып табылады.

Әртүрлі зерттеулерде, адамның басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуінде бірнеше маңызды әлеуметтік мотивтері айқындалған.

Ортақ жетістікті барынша жоғарылату мотиві (немесе кооперация



[duhovnyyput.ucoz.com](http://duhovnyyput.ucoz.com)

Өзінің жетістігін  
барынша жоғарылату  
(немесе



Салыстырмалы  
жетістікті барынша  
жоғарылату мотиві





**Басқаның жетістігін  
барынша жоғарылату  
(альтруизм)**



**Басқаның жетістігін  
барынша төмендету  
(агрессия)**



**Жетістіктердегі  
айырмашылықты  
неғұрлым төмендету  
(теңдік)**



**Әртүрлі мотивацияға байланысты қарым-қатынас стратегиясын анықтау үшін әрекеттесуді координат жүйесінде тұрғызуға болады (Р.Бейлз бойынша)**



**Р.Бейлз бақыланатын өзараәрекеттесулердің үлгілерін толық бір жүйеге біріктірген. Егер адам өзараәрекеттесу процесінде қарым-қатынас серіктесінің мақсаттарын есепке алмай тек өз мақсаттарына бағдарланған болса, онда ол қарсы**

**Ымыраға келу - шартты түрде теңдік орнату үшін серіктестің жеке мақсатына жетуде жүзеге**

**Ынтымақтастық – өзараәрекеттесуге қатысушылардың өз қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға бағытталған (кооперация).**

**Көнгіштік – өз мақсаттарын серіктестің мақсаттарына қол жеткізу үшін құрбан етуді**

**Қашу – контактіден кетуді, басқаның жеңісін болғызбау үшін өз мақсаттарын жоғалтуды көздейді (индивидуализм).**

**Тағы да бір, әрекеттесудің құрылымдық сипаттамасы тран-зактылы талдауда – қатынасушылардың әрекеттерін олардың позициясы, ситуацияны есептеу және әрекеттесу стиліне байланысты реттестіруде ұсынылады (Э. Берн, 1988). Осы әдіс кейінгі кезде тәжірбиеде кең қолдау табуда. Транзактылы талдау бойынша әрбір әрекетке қатысушы үш позицияның біреуінде болады.**



**Ата-  
ана**



**«Міндеттісің!»**

**Ересек**



**«Қалаймын» мен  
«Міндеттісінің»  
бірлесуі**

**Бала**



**«Мен қалаймын!»**

**Э.Берн бойынша “Мен”–нің  
құылымы**

Мысалы әйелі күйеуіне былай дейді: “Мен” саусағымды кесіп алдым. Күйеуі былай деп жауап беруі мүмкін:

**Ата-  
ана**



«Сенімен үнемі  
бірнәрсе болады  
да тұрады!»

**Ересек**



«Қазір  
байлаймыз»

**Бала**



«Енді мен не  
істеуім керек?»